

"Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмектің кейбір түрлерін көрсету жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 22 шілдедегі N 224 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 01 қазандағы N 284 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 29 қазанда N 10-4-127 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 04 наурыздағы N 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 04.03.2013 N 18 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес және Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына орай облыстық бюджеттен бөлінген қаражаттарды ескере отырып Қазалы ауданының ә к і м д і г і **Қ А У Л Y** **Е Т Е Д І :**

1. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмектің кейбір түрлерін көрсету жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 22 шілдедегі N 224 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-4-84 нөмірімен тіркелген, "Қазалы Айғағы" газетінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі 38-39 нөмірінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, соғыста қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) және Ауғанстан соғысына қатысушылар мен Чернобыль АЭС-індегі апаттан зардап шеккендерге және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда 6 айдан кем емес еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне коммуналдық және байланыс қызметтері шығындарын өтеу үшін әлеуметтік көмек **к ө р с е т у** **н ұ с қ а у л ы ғ ы н д а :**

3-тармақтың 5-тармақшасы "(Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ауғанстан соғысына қатысушылар мен Чернобыль АЭС-індегі апаттан зардап шеккендерге" деген сөздерден кейін "және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда 6 айдан кем емес еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ш.Айтуғанов) осы қаулыға сәйкес тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Т. Жүсіпов